

Соттардың моральдық зиянды өтеу жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 7 нормативтік қаулысы.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "АІЖК-не" деген сөз "АПК-не" деген сөзбен ауыстырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "талап арыздарды қараған", "талап арыздарын", "қойылған талап арыз", "талап арызында қойған", "талапты қойған кезде", "арыздары", "арыз берген кезде" деген сөздер тиісінше "талап қоюларды қараған", "талап қоюларын", "талап қою", "талап қоюда мәлімдеген", "талап қою кезінде", "талап қоюлары", "талап қою кезінде" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 07.12.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "Талапкер", "талапкер", "талапкердің" деген сөздер тиісінше "Талап қоюшы", "талап қоюшы", "талап қоюшының" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 07.12.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

Азаматтарға тиесілі өзіндік мүліктік емес игіліктер мен құқықтарды қорғау және оларға келтірілген моральдық зиянды өтеу мәселелерін реттейтін заңнаманы сот практикасында дұрыс әрі біркелкі қолдану мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы **қаулы етеді**:

1. Жеке тұлғаларға тумысынан немесе заң бойынша тиесілі өзіндік мүліктік емес игіліктер мен құқықтарды сот арқылы қорғаудың, сондай-ақ оларға келтірілген моральдық зиянды өтеудің адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудың тиімді кепілі болып табылатынына соттардың назары аударылсын.

2. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі — АК)9 және 141-баптары мен республиканың басқа да заңдарына сәйкес, сот өзіндік мүліктік емес игіліктер мен құқықтарды қорғауды:

құқықты тану;

өзіндік мүліктік емес игіліктер мен құқықтар бұзылғанға дейін болған жағдайды қалпына келтіру, оның ішінде мемлекеттік органдардың заңнамаға сәйкес келмейтін актілерін жарамсыз немесе қолдануға жатпайды деп тану;

өзіндік мүліктік емес игіліктер мен құқықтардың бұзылуы салдарын жою;
моральдық зиянды өтеу арқылы жүргізеді.

Өзіндік мүліктік емес игіліктер мен құқықтарды сот жоғарыда көрсетілген тәсілдердің жиынтығын, сондай-ақ олардың әрқайсысын бөлек қолдану арқылы қорғайды.

Өзіндік мүліктік емес құқықтарды қорғаудың АҚ-де көзделген тәсілдерін сот осындай құқықтарды қорғау еңбек туралы, неке және отбасы туралы, табиғи ресурстарды пайдалану, қоршаған ортаны қорғау туралы және басқа да заңнамалық актілерде арнайы бекітілмеген жағдайларда да қолдануы мүмкін.

3. Бұзылуы, айырылуы немесе кемсітілуі жәбірленушіге моральдық зиян келтіруге әкеп соғатын өзіндік мүліктік емес игіліктер мен құқықтар деп азаматтың жеке басымен тұтасымен байланысты әрі оған тумысынан тиесілі игіліктерді немесе заңмен берілген құқықтарды түсіну қажет. Адамға тумысынан тиесілі игіліктерге өмірін, денсаулығын, ар-намысын, қадір-қасиетін, бостандығын, жеке басына қол сұқпаушылықты, ал азаматтың заңмен берілген құқықтарына тұрғын үйіне немесе меншігіне қол сұқпаушылық, жеке өмірінің немесе отбасының құпиясы, телефон, телеграф хабарларының және хат алысу құпиясы; атын пайдалану; өз бейнесіне; авторлық және аралас құқықтар туралы заңнамаға сәйкес авторлық және басқа да мүліктік емес өзіндік; емін-еркін жүріп-тұру және тұрғылықты жерін таңдау, анық ақпарат алу құқығын, сондай-ақ заңнамада көзделген басқа да құқықтарды жатқызуға болады.

Моральдық зиян деп азаматтың өзіне тиесілі өзіндік мүліктік емес игіліктер мен құқықтардың заңға қайшы бұзылуының, кемсітілуінің немесе олардан айырылуының нәтижесінде туындаған жан немесе тән азабын түсіну қажет.

Жан азабы (адамның эмоциялық-еріктік уайымдары) деп оның басынан кешкен қорлануына, ызалануына, қысым жасалуына, ашулануына, ұялуына, түңілуіне, залал шегуіне, қолайсыз жағдайға болуына және т.б. қатысты сезімдерін түсіну қажет. Мұндай сезімдер жәбірленушінің өзінің, сондай-ақ оның жақын туыстарының, жұбайының/зайыбының өмірі мен денсаулығына құқыққа қарсы қол сұғылудың; бас бостандығынан заңсыз айырылудың немесе шектелудің, не емін-еркін жүріп-тұру құқығынан заңсыз айырылудың; денсаулығына зиян келтірілуінің, оның ішінде адамның бет әлпетіне танымастай болып жарақат пен сызат түсіретін; отбасылық, жеке немесе дәрігерлік құпиясы ашылуының; хат-хабар алмасу, телефон немесе телеграф ақпараты құпиясы бұзылуының; азаматтың қадір-қасиеті мен ар-намысына кір келтіретін, шындыққа жанаспайтын мәліметтердің таратылуының; өз атына, өз бейнесіне құқықтарының бұзылуының; оның авторлық құқығының және аралас құқықтарының бұзылуының және т.б. салдарынан келтірілуі мүмкін.

Тән азабы деп күш қолданылуына немесе денсаулығына зиян келтірілуіне байланысты азаматтың сезінетін тәнінің ауырғанын түсіну қажет.

4. АҚ-нің 187-бабының 1) тармақшасына сәйкес, моральдық зиянды өтеу туралы талаптарға заңнамалық актілермен көзделген жағдайлардан басқа кездерде талап қою

мерзімі қолданылмайды. Бұл ретте соттар "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, азаматтардың өзіндік мүліктік емес құқықтарын қорғауды көздейтін заң актілерінің, егер заң актілерімен өзгеше тәртіп көзделмесе, олар қолданысқа енгізілгеннен кейін пайда болатын құқықтық қатынастарға қолданылатынына назар аударуы қажет. "Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін (Ерекше бөлім) қолданысқа енгізу туралы" 1999 жылғы 1 шілдедегі № 410-I Қазақстан Республикасы Заңының 8-тармағында АҚ-нің 922 және 923-баптарында көрсетілген келтірілген мүліктік емес зиян, егер ол 1999 жылдың 1 шілдесіне дейін, бірақ 1996 жылдың 1 шілдесінен ерте емес кезеңде келтірілсе және өтелмей қалса, өтелетіні белгіленген.

Жәбірленушінің осындай зиянды өтеу құқығын көздейтін заң актісі қолданысқа енгізілгенге дейін келтірілген моральдық зиянды өтеу туралы талап қанағаттандырылуға жатпайды. Мұндай зиян заң актісі қолданысқа енгізілгеннен кейін азамат жан немесе тән азабын тартуын одан әрі жалғастырған жағдайларда да қанағаттандырылуға жатпайды.

Егер жәбірленушіге моральдық зиян келтірілген құқыққа қарсы әрекет (әрекетсіздік) заңнамалық акт қолданысқа енгізілгенге дейін басталса және ол қолданысқа енгізілгеннен кейін жалғасса, онда заңнамалық акт қолданысқа енгізілгеннен кейін жасалған құқыққа қарсы әрекетпен (әрекетсіздікпен) келтірілген моральдық зиян өтелуге жатады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

5. Моральдық зиянды өтеу зиян келтірушінің кінәсі анықталған кезде жүргізіледі. АҚ-мен көзделген жағдайларда өзіндік мүліктік емес игіліктер мен құқықтар осы құқықтарды бұзған тұлғаның кінәсіне қарамастан сот арқылы қорғалуға жатады.

Талап қоюшы талап қоюда оның нақтылы өзіндік мүліктік емес игіліктері мен құқықтарының бұзылуының мән-жайларын көрсетіп, оны растайтын дәлелдемелерді келтіріп, оларды қорғау қажеттілігін, сондай-ақ оның пікірі бойынша өзіне келтірілген моральдық зиянды өтеуді қамтамасыз ететін өтемақы сомасын көрсетуге міндетті.

Қылмыстық процесті жүргізетін органдар келтірген моральдық зиянды өтеу туралы азаматтардың талаптары азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қаралуға жатады.

6. АҚ-нің 917-бабының 1-тармағына сай, моральдық зиянды құқыққа қарсы (қасақана немесе абайсыздықтан) жасаған әрекетімен (әрекетсіздігімен) келтірген тұлға оны толық көлемінде өтеуге тиіс.

Моральдық зиянды толық өтеу деп зиян келтіруші тарапынан оның заң актілері нормаларының тікелей талабына сәйкес ол орындауға міндетті іс-әрекеттерді (мысалы, "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі № 451-I Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдары ол таратқан шындыққа

сай келмейтін мәліметтерге түзету жариялауға міндетті; Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі — ҚПК) 41-бабына сәйкес, қылмыстық процесті жүргізуші орган моральдық зиянның салдарын жою жөнінде іс-шараларды қолдануға міндетті) және қойылған талап бойынша жәбірленушіге сот шешімімен белгіленген сомадағы моральдық зиянға өтемақы төлеуді түсінген жөн.

7. АҚ-нің 952-бабының талаптары бойынша моральдық зиян ақшалай нысанда өтеледі. Осы ретте сот өтемақы сомасын ақыл-парасаттылық пен әділдік өлшемдерін негізге ала отырып анықтайды.

Моральдық зиян өтемақысының мөлшерін, егер оны анықтаған кезде азаматтың өзіндік мүліктік емес құқықтарының бұзылуына байланысты мән-жайлар ескерілсе, ақыл-парасатқа сай әрі әділ деп есептеген жөн. Ақшалай өтемақының мөлшері құқыққа қарсы әрекет жасалғаны үшін және оның зиян келтірушіге келтірілген салдары үшін жауапкершілік шарасы болады.

Бірінші сатыдағы сот өндірген моральдық зиян өтемақысының мөлшері, егер бұл мөлшер жоғарыда аталған талаптарға сәйкес келмейтін болса, жоғары тұрған сот сатыларында қайта қаралуы мүмкін.

8. Соттар моральдық зиян өтемақысының мөлшерін анықтаған кезде азаматқа келтірілген жан мен тән азабының ауырлығын, оның субъективтік бағалануын, сондай-ақ осы жағдайларды куәландыратын объективті мәліметтерді, атап айтқанда:

өзіндік мүліктік емес игіліктер мен құқықтардың (өмірі, денсаулығы, бостандығы, тұрғын үйге қолсұқпаушылық, жеке және отбасылық құпиясы, ар-намысы мен кадр-қасиеті және т.б.) өмірлік маңызын;

жәбірленушінің басынан кешірген жан немесе тән азабының дәрежесін (бас бостандығынан айырылуы, дене жарақаттарының келтірілуі, жақын туыстарынан, жұбайынан/зайыбынан айырылуы, еңбек қабілетін жоғалтуы немесе оның шектелуі және т.б.);

моральдық зиянды өтеу үшін қажет болып табылатын зиян келтірушінің кінәсінің түрін (пиғыл, абайсыздық) назарға алуы қажет.

Сот моральдық зиян өтемақысының мөлшерін анықтаған кезде іс материалдарымен бекітілген басқа да мән-жайларды, атап айтқанда, жәбірленушіге келтірілген моральдық зиян үшін жауаптылыққа тартылатын адамның отбасылық және мүліктік жағдайын назарға алуға құқылы.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 07.12.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

ҚР Конституциялық Сотының 06.10.2023 № 32-НҚ нормативтік қаулысын қараңыз.

9. АҚ-нің 917-бабының 1-тармағына және 951-бабының 2-тармағына сәйкес, моральдық зиянның орнын толтыру бойынша міндеттеме мынадай негіздерде:

тікелей жеке тұлғаға қатысты осы адамның заңмен қорғалатын өзіндік мүліктік емес құқықтарына және игіліктеріне қол сұғатын құқық бұзушылықты (деликтіні) жасаған;

құқық бұзушылық пен жәбірленушіге келтірілген зиян мен ол қайтыс болған жағдайда оның жақын туыстарына, жұбайының/зайыбының тиесілі өзіндік мүліктік емес құқықтардың бұзылуы мен жан азабына және тән азабына әкеп соқтырған, оған тиесілі өзіндік мүліктік емес құқықтардың бұзылуы арасындағы себепті байланыс болған;

заңмен көзделген кінәсіз жеке мүліктік емес зиянды өтеу жағдайларынан басқа, зиян келтірушінің кінәсі болған кезде туындайды.

Жоғарыда аталған негіздердің кез келгенінің болмауы өзіндік мүліктік емес игіліктер мен құқықтарды қорғау мүмкіндігін болдырмайды, өйткені олар бұзылмаған деп есептеледі.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 07.12.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

10. Соттар "Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы" 1993 жылғы 14 сәуірдегі № 2143-ХІІ Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі — "Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы" Заң) 22-бабымен жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарына мүліктік және мүліктік емес зиянның бас бостандығынан айыру орындарында заңсыз болған әрбір айы үшін ақталушы әлеуметтік қорғау органдарына жүгінген күнге Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрттен үші мөлшерінде 2001 жылдың 1 қаңтарынан бастап өтелуге жататыны қарастырылғанына назар аударсын. Алайда мүліктік және мүліктік емес зиян өтемақысының жалпы сомасы 100 айлық есептік көрсеткіштен аспауы қажет.

Моральдық зиянның өтемақысы жәбірленушінің жеке басына ажырамастай байланысты, тиісінше, осы өтемақы есептелген (сот өндірген), бірақ ақталған адам қайтыс болуы себебінен алынбаған жағдайлардан басқа кезде, бұл өтемақы жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарының мұрагерлеріне төленбейді.

Соттардың "Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы" Заңның 26-бабындағы осы Заң қолданысқа енгенге дейін ақталған жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарына 18-ден бастап 24-ті қоса алғандағы баптардың күшінің қолданылатыны туралы нұсқау Заң қабылданғаннан кейін ақталған адамдардың құқықтарын шектеместен осы баптардың қолданылуына кері күш береді деп түсінген жөн.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

11. АҚ-нің 922-бабының 1-тармағына, 923-бабының 1 және 2-тармақтарына, 951-бабының 3-тармағына сәйкес:

мемлекеттік органдардың заңнамалық актілерге сәйкес келмейтін актілер шығаруының;

заңсыз соттаудың;

заңсыз қылмыстық жауаптылыққа тартудың;

бұлтартпау шарасы ретінде заңсыз қамауда ұстаудың, ұйқамақта ұстаудың, ешқайда кетпеу туралы қолхат алудың;

қамаққа алу түріндегі әкімшілік жазаны заңсыз қолданудың;

психиатриялық немесе басқа емдеу мекемелеріне заңсыз орналастырудың;

заңнамалық актілермен көзделген өзге де жағдайлардың нәтижесінде азаматқа келтірілген моральдық зиян мемлекеттік қазына (республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты) есебінен зиян келтірушінің кінәсіне қарамастан өтеледі.

12. Мемлекеттік қазына (республикалық немесе жергілікті бюджеттің) есебінен моральдық зиянды өтеу туралы қойылған талап қоюлар бойынша жауапкер мемлекет болып табылады және бұл жағдайда осы санат бойынша істердің соттардың қарауына жататындығын мемлекеттік қазына өкілінің тұрған жері бойынша анықтаған жөн.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі не мемлекеттік қазынаның мүдделерін білдіру жөнінде арнайы өкілеттікті иеленген өзге де мемлекеттік органдар, заңды тұлғалар немесе азаматтар мемлекеттік қазынаның өкілдері бола алады.

Соттар осы санаттағы істерді қараған кезде мемлекеттік қазынаның және тиісті бюджеттік бағдарламаның әкімшісінің нақтылы өкілін анықтауға және оларды іске қатысуға тартуға тиіс.

13. Соттар жоғары қауіптілік көзі келтірген моральдық зиян өтемақысын өндіру туралы азаматтардың талап қоюларын қараған кезде, егер осы зиянның жойқын күштің немесе жәбірленушінің пиғылының салдарынан не жоғары қауіптілік көзінің зиян келтірушінің құқыққа қарсы әрекеттерінің нәтижесінде иесінің ырқынан шығып кетуіне байланысты келтірілгенін дәлелдей алмаса, жоғары қауіптілік көзінің иесі моральдық зиянды өтеуге міндетті екенін назарда ұстаулары қажет.

Соттар жәбірленушінің жоғары қауіптілік көзімен қауіпсіз жұмыс істеу ережесін біле тұра қасақана бұзуын (иттер мен басқа да үй жануарларын айтақтау; хайуанаттар бақтарында және олар қамауда ұсталатын басқа да жерлерде жабайы жануарларды айтақтау; өрт қауіпі бар, жарылғыш, ионданушы және адам денсаулығы мен өміріне қауіпті басқа да нәрселер мен заттарды пайдалану тәртібін бұзу және т.б.) дәлелдейтін, оның жәбірленушіге моральдық зиян келтіруіне ықпал еткен әрекеттерін жәбірленушінің пиғылы деп түсінгендері жөн.

Жоғары қауіптілік көзі иесінің құқыққа сай иелігінен шығып кетуі деп жоғары қауіптілік көзі иесінің үшінші тұлғаның қалыпты жағдайларда жоғары қауіптілік көзін оның еркінен тыс пайдаланып кетуін болдырмайтын тиісті әрі жеткілікті іс-шараларды қолдануын түсіну қажет.

Жоғары қауіптілік көзін иеленген тұлғалар құқыққа қайшы әрекеттерімен жәбірленушіге мүліктік зиян келтірген жағдайда, моральдық зиянды өтеу жөніндегі міндеттерді осындай зиянды келтірген тұлғалар тікелей өздері атқарады. Егер жоғары қауіптілік көзі иесінің құқыққа сай иелігінен шықса, бірақ осы ретте оның кінәсінің бар екені анықталса, онда мүліктік зиян үшін жауапкершілік үлестік тәртібімен зиян келтірушінің тікелей өзіне, сондай-ақ жоғары қауіптілік көзінің иесіне жүктеледі.

14. Еңбекақыны өндіріп алу және моральдық зиянды өтеу туралы талап қоюларды қараған кезде соттар Қазақстан Республикасы Конституциясының (бұдан әрі — Конституция) 24-бабының негізінде әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына, қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін қандай да бір кемсітушіліксіз сыйақы алуға құқығы бар екенін назарда ұстаулары қажет. Жұмыстан заңсыз шығару, еңбекақыны уақтылы төлемеу қызметкердің еңбегі үшін сыйақы алу конституциялық құқығын бұзу болып табылады, олар еңбекақыны өндіріп алу туралы талап қою кезінде азаматтардың қорғалуға жататын мүліктік емес құқықтарының да бұзылуына әкеп соқтырады.

15. "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Неке туралы кодекс) 1-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес, жақын туыстар – бұл ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (аға-қарындастар), ата, әже, немерелер. Некелік-отбасылық қатынастарды қорғау қажеттілігі Конституцияның 27-бабынан және Неке туралы кодекстің 2-бабынан туындайды, олар бойынша отбасы мемлекеттің қорғауында болады.

Қайтыс болған адамның жақын туыстарының, жұбайының/зайыбының моральдық зиянды өтеу туралы талап қоюлары бойынша істерді қараған кезде сот оларға жан азабының келтірілу дерегін, олардың қайтыс болған адаммен шын мәнісінде туыстық, отбасылық қарым-қатынас жасағанын дәлелдеуге, сондай-ақ келтірілген моральдық зиянды бағалаудың басқа да өлшемдерін ұсынуға тиіс. Бұл жағдайда жоғарыда көрсетілген адамдардың талап қоюлары қаралуға жатады.

Әрбір жақын туыстың, жұбайының/зайыбының азаматтық істер бойынша талап қойып бірнеше мәрте жүгінуін болдырмау мақсатында соттар барлық жақын туыстардың, жұбайының/зайыбының талап қоюшы жағында үшінші тұлғалар ретінде іске қатысуы туралы мәселені істі қарауға дайындау сатысында шешулері және оларға Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне (бұдан әрі - АПК) сәйкес дербес талап қою құқығын түсіндірулері қажет.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 07.12.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулыларымен.

16. Жеке айыптау істері бойынша соттың ақтау үкімін шығаруы, сондай-ақ ҚПК-нің 35-бабы бірінші бөлігінің 5) тармақшасында көзделген негіздер бойынша қылмыстық істің қысқартылуы, бұл жағдайда осы шағымдарды қарау құзыретіне жатқызылған органдарға жүгіну жөніндегі конституциялық құқықты іске асыру орын алғандықтан, ақталған адамға моральдық зиян өтемақысын өтеу міндетін жеке айыптаушыға жүктеу үшін өздігінен негіз бола алмайтынына соттардың назары аударылсын.

Моральдық зиян өтемақысын өндіру туралы жеке айыптау ісі бойынша ақталған адамның қойған талабы, егер жеке шағымның ешбір құқықтық негізі болмаған және сотқа жүгіну басқа адамға зиян келтіруге бағытталған жағдайда ғана (құқықты теріс пайдалану) қанағаттандырылуы мүмкін. Осы ретте талап қоюшы айыптаушының тарапынан жіберілген құқықты теріс пайдалану дерегін дәлелдеуге тиіс.

Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

17. АҚ-нің 143-бабының 6-тармағына сай, азаматқа қатысты оның ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтар таратылған болса, ол мұндай мағлұматтарды теріске шығарумен қатар олардың таратылуынан өзіне келтірілген залалдың және моральдық зиянның орнын толтыруды талап етуге құқылы.

Осы санаттағы істер бойынша жауапкер бағалау пайымы үшін жауаптылыққа тартылмайды.

Азаматтың іскерлік беделін қорғау туралы талап, моральдық зиянды өтеу туралы талапты қоспағанда, заңды тұлғаның іскерлік беделін қорғауға да қолданылады. Заңды тұлғаның іскерлік беделін қорғауға АҚ-де белгіленген тәртіпте залалдарды өтеу туралы қағидалар қолданылады.

Азаматтық заңнама заңды тұлғаға моральдық зиянды өтеуді қарастырмайды және соттар осыған байланысты заңды тұлғалардың моральдық зиянды өтеу туралы талап қоюларын қабылдаудан бас тартқандары жөн, ал талап қою қабылданған жағдайда іс бойынша іс жүргізу қысқартылуға жатады.

Моральдық зиянды өтеу туралы талаптар қойылған кезде, талап қоюшы жан азабы мен тән азабын бастан кешіргенін дәлелдеуге тиіс.

Сот ұсынылған дәлелдемелерді бағалап, парасаттылық пен әділеттілік өлшемдерін негізге алып, моральдық зиян мөлшерін анықтағанда таратылған мәліметтердің сипатын, таратылудың шегін, жауапкердің кінәсінің түрін, оның материалдық жағдайын және басқа да назар аударарлық мән-жайларды ескеруге тиіс.

18. "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы № 126-II Қазақстан Республикасының Заңында және азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыру саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерде автокөлік

құралы иесінің немесе тасымалдаушының жәбірленушіге келтірілген моральдық зиян үшін жолаушылар алдындағы жауапкершілігін сақтандыру көзделмегеніне соттардың назары аударылсын.

Сақтандыру ұйымдарына (сақтандырушыларға, қайта сақтандырушыларға) сақтандыру жағдайының туындауына байланысты үшінші тұлғаларға моральдық зиянды өтеу міндеті жүктелмейді.

Сақтандыру жағдайы туындаған кезде моральдық зиянды өтеу жөніндегі міндет автокөлік құралының иесіне немесе тасымалдаушыға жүктелуге тиіс.

Егер ерікті сақтандыру келісімінде сақтанушының мүліктік емес игіліктері мен құқықтарын сақтандыру көзделсе, онда сақтандыру төлемдері ерікті сақтандыру келісімнің шарттарына сәйкес жүргізілуге тиіс.

19. Соттарға АҚ-нің 951-бабының 4-тармағына сәйкес, жеке тұлғалардың мүліктік құқықтарының бұзылуы моральдық зиянға өтем жасау мүмкіндігін болдырмайтыны, атап айтқанда: мүлікті иеленуге, пайдалануға және басқаруға байланысты құқықтар; құқықтық қатынастарға қатысушылар арасында пайда болатын мүліктік талаптар (мүліктік немесе міндеттемелік құқықтар, оның ішінде азаматтың өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеуге, міндеттемелердің орындалмауына немесе тиісінше орындалмауына байланысты және т.б.), сондай-ақ авторлардың өздері тудырған шығарма немесе ашқан өнертабысы үшін сыйақы алу құқығы; мұрагерлік құқықтар түсіндірілсін.

Егер азаматтардың мүліктік құқықтарының бұзылуы оның өзіндік мүліктік емес игіліктері мен құқықтарының бұзылуымен қатар орын алса, онда келтірілген мүліктік залалды өтеу туралы талапты қанағаттандырумен қатар моральдық зиянды өтеу туралы талап та қанағаттандыруға жатады (мысалы, тұрғын үйге қол сұқпаушылықты бұза отырып, жәбірленушінің мүлігін заңсыз иелену; тұтынушының сапалы тауарға құқығын бұзу; авторлықты иелену және т.б.).

АҚ-нің 352-бабына сай, егер міндеттемені тиісті түрде орындамау кредит берушінің мүліктік құқықтарының бұзылуымен байланысты болмаса, АҚ-нің 272-ден бастап 288-ні қоса алғандағы баптарында көзделген міндеттемелерді орындамау моральдық зиянды өтеу үшін негіз бола алады. Борышкердің мүліктік құқықтарын қозғайтын міндеттемелердің тиісті түрде орындалмауы (мысалы, қарыз шарты бойынша ақшаны қайтарудан жалтару; сатып алу-сату шарты бойынша сатып алынған заттың құнын төлеу немесе мәміле нысанасын беру бөлігінде міндеттемелерді орындамау және т.б.) АҚ-нің 951-бабының 4-тармағына сәйкес моральдық зиянды өтеу мүмкіндігін болдырмайды.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

20. Бірнеше заңды немесе жеке тұлғалардың бірлесіп жасаған құқыққа қарсы әрекеттерімен жәбірленушіге келтірілген моральдық зиян АҚ-нің 287-бабының 1-ден бастап 4-ні қоса алғандағы тармақтары мен 932-бабына сәйкес осындай зиянды келтіргендермен ортақ немесе үлестік тәртіппен толық көлемде өтеуге жатады.

Ескерту. 20-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

21. Жәбірленушіге жас балалар немесе кәмелетке толмағандар не заңмен белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі не әрекетке қабілетті, бірақ денсаулығына байланысты өз әрекетінің мәнін түсінуге және оларды басқаруға қабілеті жоқ азаматтар моральдық зиян келтірген жағдайда соттар оларды өтеуді АҚ-нің 925-ден бастап 930-ны қоса алғандағы баптарында белгіленген ережелер бойынша жүргізеді.

Ескерту. 21-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

22. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі қоғамдық бірлестіктердің тұтынушылардың анықталмаған тобына моральдық зиянды өтеу туралы талап қоюлары азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға жатпайды, өйткені моральдық зиянды өтеу туралы талап азаматтың жеке басымен тығыз байланысты.

23. Егер талап қоюшы мемлекеттік бажды заңнамаға сәйкес төлеуден босатылмаса, азаматтардың моральдық зиянды өтеу туралы талаптары бойынша АПК-не және " Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының кодексіне сәйкес мемлекеттік баж төленуге жатады.

Талап қоюшы мүліктік сипаттағы және моральдық зиянды өтеу туралы талаптарды бір талап қоюда мәлімдеген кезде, мәлімделген әрбір талап үшін мемлекеттік баж бөлек төленуге жатады. Абыройын, қадір-қасиетін және іскерлік беделін түсіретін мәліметтерді таратудан келтірілген моральдық зиянды өтеуді ақшалай мәнде өндіріп алу туралы талап қоюлардың бағасы өндіріп алу талап етілген сомамен айқындалады.

АПК-не сәйкес, моральдық зиянды өндіру туралы талап қанағаттандырылғанда сот талап қоюшы талап қою кезінде төлеген немесе төлеуге тиіс болған мемлекеттік бажды жауапкердің есебінен тиісінше талап қоюшының пайдасына немесе жергілікті бюджеттің кірісіне өндіруге міндетті. Осы ретте мемлекеттік баждың көрсетілген сомасы моральдық зиянды өтеу туралы қанағаттандырылған талаптың мөлшеріне пропорционалды түрде өндірілуге жатады.

Ескерту. 23-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

24. Моральдық зиянды өтеу туралы шешімде:

жәбірленушіге моральдық зиян келтірген құқық бұзушылықтың сипатын айқындап көрсетуге;

жәбірленушінің бұзылған құқығы мен өзіндік мүліктік емес құқықтары мен игіліктерін көрсетуге;

жәбірленуші шеккен жан немесе тән азабы туралы мәліметтерді келтіруге;

мүліктік емес құқықтарды қорғау тәсілі (құқық бұзылмай тұрған кездегі жағдайды қалпына келтіру; моральдық зиянның салдарын жою; моральдық зиян өтемақысын өндіру), сондай-ақ моральдық зиян мөлшерін негіздеуге;

шешім шығару кезінде басшылыққа алған материалдық құқық нормаларын көрсетуге тиіс.

Сот шешімінің қарар бөлігінде жауапкерге тиесілі жауаптылықтың түрін (субсидиарлы, үлестік, ортақ, жеке-дара), сондай-ақ моральдық зиянды өндіру көзін (жеке тұлғаның мүлкі немесе заңды тұлғаның банктік шотындағы ақшаның; мемлекеттік қазынаның есебінен) көрсетуге тиіс. Мемлекеттік қазынадан моральдық зиянға өтемақы жасаған кезде сот заңды күшіне енген сот шешімінің орындалуын заңмен белгіленген тәртіппен қамтамасыз ететін тиісті бюджет бағдарламасының әкімшісін көрсетуге міндетті.

25. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

1) "Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 21 маусымдағы № 3 нормативтік қаулысы;

2) "Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 21 маусымдағы № 3 нормативтік қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 20 наурыздағы № 3 нормативтік қаулысы.

26. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес, осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сотының Төрағасы

Қ.Мәми.

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сотының судьясы,

жалпы отырыс хатшысы

Қ.Шаухаров.